


8  
Б. ӘБДИҒАЗИЕВ

# АСЫЛ АРНА



Б. ӘБДИҒАЗИЕВ

АСЫЛ  
АРНА

(АБАЙ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ)


АЛМАТЫ, «ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ», 1992

ББК 81

Ә 14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ БЕРУ  
МИНИСТРЛІГІ

Жауапты редакторлары С. Сапарбеков, Т. Көпбаев



**Әбдіғазиев Б.**

Ә 14 Асыл арна: Көмекші оқу құрамы. — Алматы:  
«Қазақ университеті», 1992.—128 бет.

ISBN 5-7090-0106-6

Еңбекте Шәкәрімнің шығармашылығы Абай дәстүрі негізінде қарастырылып, оның лирикалық өлеңдері мен поэмаларының идея, тақырып таңдаудағы ерекшеліктеріне назар аударылады. Қос ұлы ақынның поэзиялық мұралары мен шығармашылық байланысына жан-жақты талдау жасалған.

Кітап жалпы көпшілікке, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, мектептің жоғары класс оқушылары мен мұғалімдеріне, аспиранттарға, әдебиеттанушыларға арналады.

Ә 4702250000—026 62—92  
416(05)—92

ББК 81

ISBN 5-7090-0106-6

© Әбдіғазиев Балтабай, 1992

## СӨЗ БАСЫ

Заманалар керуені үздіксіз. Осынау керуен көшіндегі әрбір жеке адам, мейлі ол қай деңгейдегі қайраткер болсын, қай кезеңде өмір сүріп, қандай көзқарас пиғылда болсын, оның бүкіл болмысы не біржола жақсы, не тұтастай жаман деп біржақты бағаланбауға тиіс. Бұл — адамзат баласының дамуындағы мәңгілік қозғалыстан туған ғибратты тәжірибе. Тоқтаусыз алға басқан заман көшінің бірінен-біріне ауысар, жалғасын табар асыл мұралары мен өркенді өсиет-өнегелері шексіз. Дегенмен, осынау үздіксіз көштің арагідік болса да арасы алшақтап, сәні бұзылатын, тіпті кей тұста үзіліп те қалатын кездері жоқ емес. Бірақ ұзақ жол, мәңгілік қозғалыс барысындағы ақиқатты ту еткен күрес осы бір бұзылған жерді қалпына келтіріп, үзілгенді жалғап отыратыны тағы да шындық. Өкінішке орай, мұндай тұстарда сыңаржақ көзқарастарға бой алдырып, бірқатар қайраткерлерімізді солақай түсініктің құрбаны етіп алдық. Бір қуаныштысы — тарих тізбегінің үзік тұсына тап келіп, ұзақ жыл ортамыздан жырақ қалып қойған талай-талай арыстарымызды құдіреті күшті Уақыттың өзі арамызға қайта әкелді. Қоғамымыз өзінің өткені мен бүгіні, келешегі туралы салауатты ой пайымдауға мойын бұрып, оның шапағаты халықтың рухани өміріне өз сәулесін түсірді. Қандай құбылысқа болса да жаңаша көзқарас орнықтыру процесі жанданды.

Осындай жанданудың арқасында қазақ халқы өзінің ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың шегіндегі мәдени, рухани дамуында, прогресшіл ой-пікірлердің қалыптасуында зор роль атқарған Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұнов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов сынды асыл перзенттерімен қайта табысты, олардың сан қырлы мұраларын мейлінше әділ де лайықты бағалау мүмкіндігіне ие болды.

Осы бағыттағы игілікті істің алғашқы жемісі ХІХ ға-

сырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген көрнекті ақын, ғұлама ойшыл, білгір тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлы есімінің өз халқына оралуы еді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы әлеумет пікірін, әдеби және ғылыми жұртшылықтың талап-тілегін таразылай келіп, 1988 жылғы сәуір айының 14-ші жұлдызында «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» қаулы қабылдап, онда Шәкәрімнің бай мұрасына маркстік-лениндік тұрғыдан тиянақты баға берді, ақын есіміне таңылған қара дақты жойды. «Шәкәрімнің әдеби творчествосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді, — делінді қаулыда. — Жалпы алғанда, оның творчестволық мұрасы мол да, мағыналы және ол ХІХ және ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алады. Бұл мұра ұзақ жылдарғы «үнсіздік» пен қазақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс».

Шәкәрім ұлы Абаймен замандас. Замандас қана емес, оның әрі інісі, әрі шәкірті болған ақын. Ол қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған реалистік дәстүрдің алғашқы дамытушыларының бірі болды. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын көре білуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді әшкерелеуде, халыққа жол көрсетуде ол Абай бағытын, ұлы ағартушы ақын дәстүрін ұстанды.

Абай мен Шәкәрім өмір сүрген дәуір қазақ халқы үшін аса бір күрделі кезең еді. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани, мәдени өмірінде маңызды оқиғалар дүниеге келді. Бұл кезде қазақ өлкесі түгелдей патшалық Ресейдің құрамына қосылып біткен болатын. Патша үкіметі осы тұста бірнеше реформаларды жүзеге асырды. Ресейде крепостнойлық право жойылды. Мыңдаған орыс шаруалары қазақ жеріне қоныс аударды. Қазақ даласын басқарудың әкімшілік жүйесіне өзгеріс енді. Көшпелі ел тұрмысына жаңа экономикалық қатынастар кіріп, капитализмнің нышандары пайда болды. Енді мекендер көбейіп, өндіріс пен сауда-саттық ісі дамыды, егіншілік етек алды.

Міне, осындай тарихи-әлеуметтік жағдай Қазақстанның рухани, мәдени өміріне де өзгеріс әкелмей қалған жоқ. Мұның бәрі қазақ халқының қоғамдық-саяси санасының, әдебиеті мен мәдениетінің өнерінің өркендеуіне,

ғылымының туып, қалыптасуына себепкер болды. «XIX ғасырдың екінші жартысында халықтың ауызша творчествосымен қатар қазақтың жаңа тұрпатты жазба әдебиеті де дамыды» (37, 359).

Шәкәрімнің шығармашылық сапарының бастау алуы, міне, осы кезеңге тұспа-тұс келді. Бұл кезеңде қазақ әдебиетінде идеялық тартыс өрістен, оның болашақтағы даму бағыты айқындала түсті. Ресейдегі революцияшыл-демократтардың ықпалымен қазақ халқының өнері мен мәдениетінде, әдебиеті мен ғылымында игі өзгерістер белгі бере бастады. Соның нәтижесінде Абай бастаған жаңашыл бағыттағы реалистік әдебиет қалыптасты. Қазақ әдебиетіндегі Абайдың реалистік тәсілінен орыстың революцияшыл-демократтарының эстетикалық пайымдаулары мен әдеби сынындағы басты принциптер айқын аңғарылып жатты. Профессор Е. Ысмайыловтың тілімен айтқанда, «Абай негізін салған реалистік дәстүрдің және өскелең тенденциялы болуының басты себебі — халық өмірімен, халықтың прогресшіл арман-тілегімен тығыз байланысты болуында және орыстың классикалық әдебиетінің идеялық-эстетикалық принциптерін шынайы игеруінде еді» (15, 29). Бұл кезеңдегі қазақтың халықтық лирикасы бұқараның қоғамдық ахуалы мен эстетикасын бейнеледі. Өзіндік жазба әдебиетінің төмен дәрежеде болуына қарамастан халықтың лирикалық поэзиясының ықпалы ол кезде өте күшті болды. Қазақтар өмірінің әрбір сәті өлеңмен өрнектеліп отырды. Лирика бұқараның қоғамдық санасының өсуіне, аса көрнекті ақындар шығармашылығының кемелденуіне орай өріс ала түсті. Ол ақындардың алдына заманның көкейтесті мәселелерін айту, орыс халқының прогресшіл ықпалы мен патша үкіметінің отарлау саясатына деген халықтың көзқарасын білдіру міндетін қойды.

Қазақтың жаңашыл бағыттағы реалистік әдебиеті, міне, осындай топырақтан нәр алды. Ұлы қаламгер М. Әуезов «...өз халқының поэтикалық мұрасына өткен заманнан қалған ауызша және жазбаша ескерткіштер арқылы терең қаныққан Абай осынау жанды қайнардан күш алып, онымен өз поэзиясын байыта алды» дегенде де осы нәрді атап айтқан болса керек.

Осы тұста бой көтеретін үлкен міндеттің бірі — қазақ топырағында туған осынау реалистік әдебиеттің алғашқы өкілдерінің бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының поэтикалық мұрасына ғылыми жүйелі талдау жасау, оның өзі өмір

сүрген дәуірмен және Абайдың ақындық дәстүрімен байланысын, шығармашылық тамырластығын саралау. Осы мақсатпен ақын поэзиясының идеялық, тақырыптық, поэтикалық, стильдік ерекшеліктерін, реалистік, демократтық, ағартушылық бағыттарын айқындауға, сол арқылы ақынның Абайдан кейінгі қазақ поэзиясынан алатын орнын анықтауға талпыныс жасалды.

Шәкәрімнен қалған мұра жанрлық, тақырыптық жағынан сан қырлы. Оның бәрін бір еңбек көлемінде талдау шығу мүмкін емес. Бұл зерттеуге ақынның лирикалық өлеңдері мен поэмалары объекті етіп алынып отыр. Ақынның поэзиясын талдау үстінде оның Абай шығармашылығына қатысы үнемі назарда ұсталды. Өйткені Шәкәрім тікелей Абайдың ықпалы мен тәрбиесінде өскен ақын. Мұны оның өмірбаяны айқын дәлелдейді.

Шәкәрім 1858 жылғы шілденің 11-ші жұлдызында Абай ауылында — қазіргі Семей облысы Абай ауданындағы Шыңғыстау өңірінде дүниеге келеді. Әкесі Құдайберді — Құнанбайдың Күнже атты бәйбішесінен туған, Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауылында оқуға беріліп, жеті жасқа келгенше оқиды. 1866 жылы әкесі дүние салады да, ендігі жерде әкеден айрылған Шәкәрім Абай ағасының тікелей қамқорлығында болады. Бұл кезде Абай ауылы бүкіл қазақ елінің рухани және мәдени орталығына айналғандай еді. Осы ортаның бай дәстүрі мен Абай ағасының тағлымды тәрбиесі табиғатынан зерек те алғыр Шәкәрімнің жоқшылық пен жетімдік көрмей азамат болуына ғана емес, сонымен бірге оның талантты ақын, парасатты ой иесі ретінде қалыптасып өсуіне де айрықша ықпал етті. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, — қазақ ішінде Абай деп атайды, — сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім» (68, 72).

Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да өз бетінше іздене жүріп және Абай ағасының басшылығымен жан сарайын барынша байытқан Шәкәрім өз заманында қазақ арасындағы, қала берді бүкіл Түркістан өлкесіндегі білімдар, ойшыл азаматтарының бірі болды. Араб, парсы, түрік тілдерін жақсы білді, орыс тіліне жетік болды. «Жасымнан жетік білдім түрік тілін»

немесе «Талпынып орыс тілін үйренумен, Надандықтың тазарып, кетті кірі», — деп өз сауатының қаншалықты дәрежеде екенін аңғартқан ақын енді бір тұста «Көп ілім жоқ бойымда», — деп, әлі де оқи түссем, біле түссем деген ой, арманын алға тартып отырады. Көп тіл білу арқылы ол Шығыстың классикалық поэзиясынан, Батыс әдебиетінен нәр алды. Орыстың ұлы қаламгері Л. Н. Толстоймен хат жазысып, пікір алысу, оның шығармаларын қазақ тіліне аудару Шәкәрім талантының сан қырлылығын көрсетті. Өзі ғана білумен шектелмей, өзгені де оқып, білім алуға, прогреске үндеп отырғанын дәлелдеді. Бұл оның өмірлік нысанасы, қаламгерлік жолдағы темірқазық бағдары еді. Сол себепті де оның өз бетімен ізденіп тапқан рухани қазынасы, білім байлығы аз болмаған.

1904 жылы Шәкәрімнің ұлы ұстазы Абай қайтыс болады. Осы жылы ол өзінің өнерлері толысқан қос бауыры, өнер жолындағы екі серігі Ақылбай мен Мағауиядан айрылады. Ресейдің қоластындағы территорияларды мекендеген барлық жұрттар ауыр езгіден арылудың бірден-бір жолы осы болар-ау деп үлкен үміт артқан 1905 жылғы бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырайды. Заман талабы деңгейінде, бүкілхалықтық ауқымда ой пайымдайтын Шәкәрімге, оның өмір мен тіршілік, қоғам мен адам туралы көзқарастарына, санасына бұл оқиғалар аса ауыр соққы болып тиеді. Ендігі жерде ол айналасындағы тіршілік құбылыстары, тағдыр шырғалаңдары жөніндегі өзінің ішкі сауалдарына жауап іздеп, философиялық ойларға беріледі. Білімін молайтуға, барынша ізденуге ден қояды. Үлкен үміт арқалап, 1905—1906 жылдары Меккеге барып қайтады. Атап айтатын бір жайт — ол бұл сапарға діни мақсатпен, яғни қажы атану үшін бармаған. Оны өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты өмірбаяндық өлеңінде ашық жазады. Ақынның баласы Ахат Шәкәрімұлы Құдайбердиевтің естелігінде (42). Шәкәрімнің мынадай сөздері бар: «Меккеге барам деп шықтым, ары бара жатқанда Стамбулда 13 күн болып, бері келе жатқанда 13 күн болып, қанша тарихты ақтарып, керек кітаптарды почтамен үйге жіберіп отырдым. Меккенің де, Мәдинаның да тарихтарын ақтардым. Бірақ қатынасы жайсыз болып, Египетке баруға рұқсат ала алмадым. Сол кездері Шығыс, Батыс ғалымдарымен көп сөйлесіп, олардың ой-пікірлерімен, Шығыс, Батыстың ертедегі ғалымдарының шығармаларымен танысып, оларды жаздырып алдым. Александр салдырған кітапханада



қызмет еткен ғалымдардан сұрап, керекті кітаптарды жаздырып алдырдым. Абайдың ақыл-кеңесі болмағанда мен ол жерлерге бармаған да болар едім». Шындығында бұл Шәкәрімнің санасын жаңа биікке көтеріп, білім өрісін, ой тынысын кеңейткен ізденіс сапары болды.

Ендігі жерде өмір бойы тірнектеп жинаған білімін халқының игілігіне жұмсау, оны қағаз бетіне түсіріп, болашақ ұрпақтарға амапат етіп қалдыру Шәкәрімнің басты арманына айналады. Сөйтіп, ол 1909—1910 жылдары шамасында елден іргесін аулақтап, - Шыңғыстау өңіріндегі Шақпақ деген жерде жалғыз үй өмір сүре бастайды. Оның бұл әрекетін бір жағынан өзінің айналасындағы ақты ақ, қараны қара деп бағалай білмейтін топас жандардан, әділетсіз қоғамның тіршілігінен бір сәттік түңілу десе де болғандай еді. Дегенмен, Шәкәрімнің 1913—1915 жылдар аралығында жазған «Кейбіреу безді дейді елден мені» атты өлеңіндегі:

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалың,  
Ешкімнің кеткенім жоқ малың алып.  
Елу бес жыл жинаған қазынамды,  
Оңашада қорытам ойға салып,—

деген, не болмаса

Жоспарым, жайым осы мақтаным жоқ,  
Ел жеген әкімдерді ақтарым жоқ.  
Өлгенімше жазумен еңбек етем,  
Қажыдым, қартайдым деп жатқаным жоқ,—

деген шумақтар әлгіндей екіұдай сауалдарға, Шәкәрімнің ел ішінен бойын аулақ салып, оңаша өмір сүруінің сырларына нақты жауап береді, ақын атына таңылған кейбір жалған жаланың тамырына балта шабады.

1917 жылғы ақпан революциясының жеңісі Шәкәрімнің өміріне ерекше леп әкеледі. Ол осы дүбірлі кезеңде халқымен бірге болуды ойлап, ел ішіне оралады. Айналасындағы жаңалықтар мен өзгерістерді қуана жырға қосады. Баспасөз беттерінде осы рухтағы көптеген мақалаларын жариялайды, публицист ретінде заман жаңғыруына жалынды үнін қосады.

Өмірінің соңғы кезеңінде Шәкәрім өзінің оңаша тіршілігіне қайта бой ұрып, Шақпақтағы саятқорасына оралады. Бұл оның «күткен үмітім ақталмады-ау» деген тұрғыдағы кейбір толғаныстарының салқыны еді. Қоғамда болып жатқан өзгерістердің шын мәнін дер кезінде тап басып түсіне алмаушылық XX ғасырдың басын-

дағы қазақ қаламгерлерінің бәріне дерлік тән сипат болғаны ақиқат. Осы кезеңдегі алаш партиясы өкілдерінің ықпалы Шәкәрімге де жетті. Шәкәрімнің оларға аз уақыт қызмет еткен тұсы да осы кез болатын. Бірақ ақын алашордашылардан көп ұзамай-ақ аулақтайды. Шәкәрімнің өмірінің соңғы жылдары Шақпақтағы саятқорада өтеді. Сонда жүріп 1931 жылы қазанның 2-ші жұлдызында қайғылы қазаға ұшырайды.

Бұл кезең кеңес халқының төңкерістен кейінгі тарихындағы ең ауыр да қасіретті кезең еді. В. И. Лениннің жарқын идеялары бұрмаланып, революциялық жеңісімен келген жақсылық нышандары жеке басқа табынушылықтың көлеңкесінде қалып қойды. Қазақстанда жиырмамыншы жылдардың аяғында басталған ашаршылық пен ауыртпалық, асыра сілтеушілік бірте-бірте әділетсіз жазалауға, қуғын-сүргінге ұласты. Болған оқиғаға объективті баға беру, оны ар таразысына салып сараптау мүмкін болмай қалды. Міне, осы тұста Шәкәрімнің есімі мен шығармашылық мұрасы да асыра сілтеудің құрбаны болды. Ақынның жеке басына сан алуан айып тағылды, «діншіл», «алашордашыл», «банда» атанды. Бірақ шынайы халықтық шығармалар тудырған ақын есімі қай кезеңде де халқының зердесінен өшпеді. Көпшіліктің талап-тілегімен 1957—1958 жылдары оның өмірі мен шығармашылығында шешілмей келе жатқан мәселелер қайта қозғалып, ССРО Бас прокурорының 1958 жылғы 28 қазандағы арнайы шешімімен Шәкәрімнің қылмысы жоқ деп танылды. Ақынның есімі халқына қайта оралғандай болды. 1959 жылдың қаңтар айының 9-шы жұлдызындағы «Қазақ әдебиеті» газетінде ақынның бір топ өлеңдері жарияланды. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Ақын есімі қайтадан «жабулы қазан» күйіне көшті. Сөйтіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының жоғарыда аталған қаулысы ақынның сонау кездердегі уақытша жаңылысуы мен қателесушілігін «оның дүниетанымындағы белгілі бір шектеуліліктің көрінісі ретінде бағалануы керек» (4) деп ұйғарып, Шәкәрімнің еңбектерін жариялауға жол ашып берді, Абай дәстүріндегі көрнекті ақынның көркем жырлары мен сан қырлы шығармашылық мұрасын қалың оқырман қауымның игілігіне айналдырды. Ұзақ уақыт бойы қазақ әдебиеттану ғылымында жабық күйде келген ақын шығармашылығы жайында кең көлемді ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туды.

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы өте бай. Ол — өзінің жарты ғасырдан астам уақытқа созылған шығармашылық жолында әдебиеттің барлық жанрында жемісті еңбек еткен қаламгер. Оның қаламынан терең ойлы, сыршыл лирикалық өлеңдер, халық басынан өткен тарих негізінде жазылған «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек», «Нартайлақ — Айсұлу» сияқты көркем дастандар, сондай-ақ прозалық, философиялық, тарихи туындылар, аудармалар, сан түрлі сипаттағы мақалалар, сазды әндер дүниеге келген. Қаншалықты қиын кезеңде өмір сүріп, қандай әділетсіздіктің төлкегіне ұшыраса да Шәкәрімнің мұралары бүгінгі ұрпақтың қолына толық дерлік жетіп отыр.

Ақын шығармаларының бірқатары төңкеріске дейін жеке-жеке кітап болып шыққан. 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасы Шәкәрімнің «Қазақ айнасы», «Қалқаман — Мамыр», «Жолсыз жаза, яки кез болған іс», «Еңлік — Кебек» атты кітаптарын басып шығарды. Ақынның жекелеген шығармалары сол кездегі қазақ баспасөзінде жарияланды. Шәкәрімнің Физулиден аударған «Ләйлі — Мәжнүн» дастаны Ташкенттегі «Шолпан» журналының 1922—1923 жылғы бірнеше санында басылды, одан кейін бұл поэма С. Сейфуллиннің бастыруымен 1935 жылы Алматыда «Ләйлі — Мәжнүн» деген атпен басылып шықты. Оның А. С. Пушкиннен аударған «Дубровский әңгімесі» жеке кітап болып шықты және 1935 жылы орыс ақынының қазақ тіліндегі таңдамалы өлеңдерінің жинағына енді. А. С. Пушкиннің Шәкәрім аударған «Боралын» С. Сейфуллин 1936 жылы «Әдебиет майданы» журналының 2-ші санында жариялады. Ақынның бір топ өлеңдері 1959 жылы 9 қаңтарда «Қазақ әдебиеті» галетінде басылды. Ал 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» жинағында ақынның бір топ өлеңдері тұңғыш рет орыс тіліне аударылып шықты.

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы мұнымен шектелмейді. Ол — Абай шәкірттерінің ішіндегі ең ұзақ өмір сүргені ғана емес, ең мол мұра қалдырғаны да. Оның негізгі мұрасы бүгінгі ұрпаққа қолжазба түрінде немесе ел аузында жатталған күйінде жетті. Ақынның ардақты есімін ақтап берген жоғарыдағы қаулы жарық көргеннен кейін Шәкәрімнің шығармалары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының құрастыруымен ақын шығармаларының бір томдық жинағы жарық көрді.

Сондай-ақ «Жалын» баспасы бірқатар өлеңдері мен поэмаларын «Жолсыз жаза» деген атпен шығарды. Шәкәрімнің әндері 1989 жылы «Аманат» деген атпен өз алдына жеке жинақ болып басылды. Республикалық баспасөз беттерінде ақынның көптеген шығармалары жарық көрді. Бір топ өлеңдері «Бес ғасыр жырлайды» жинағында басылды. Мұның бәрі де қазақ әдебиетінің тарихын білімпаздық көзқарас тұрғысынан саралап, лайықты бағалау бағытындағы игі істер болды.

Бүгінге дейінгі Шәкәрімнің шығармашылығы күрделі ғылыми зерттеу еңбегінің объектісі болған емес. Тек соңғы жылдары ғана қолға алынған жұмыстың нәтижесінде бірқатар ғылыми мақалалар жарық көрді. Олардың дені ақын шығармашылығын көпшілік оқырманға таныстыру мақсатындағы республикалық баспасөздерде жарияланған материалдар екенін атап айтуға тиіспіз. Бұл іске Қ. Мұхаметханов, Ш. Сәтбаева, М. Мағауин, Ш. Елеукепов, М. Базарбаев, Х. Сүйіншәліев сияқты ғалымдар қатысты.

Шәкәрімнің қазақ әдебиетінің тарихынан алатын орны, оның Абай негізін салған реалистік әдебиеттің дәстүрлерін жалғастырудағы ролі жайында тұңғыш ғылыми пікір айтқан адам — Мұхтар Әуезов. Абай шығармашылығын зерттеу, оның өмірбаянын жазу барысында М. Әуезов Абайдың әдеби мектебі, тәлім алған шәкірттері жайында үнемі айтып отырды.

Ұлы жазушының Шәкәрім туралы айтқан тұжырымдарын жинақтап, бір ізге түсіру болашақтың үлесінде. Сонау отызыншы жылдардың өзінде-ақ ол «Әдебиет майданы» журналында жариялаған «Абайдың ақындық айналасы» атты мақаласында (16) Шәкәрімнің әдебиеттегі орнын айқындап берген болатын. Бұдан кейінгі кезеңде түрлі көзқарастардың ауанындағы даулы тартыстардың тууына себеп болған бұл пікір түптің түбінде өзінің ғылыми негізділігін дәлелдеп шықты.

Шәкәрім шығармашылығына жанашырлық танытып, жекелеген шығармаларын жариялауда, ақын жайында салиқалы пікір білдіруде көрнекті ақын Сәкен Сейфуллиннің еңбегі ерекше.

Абай маңында шоғырланған, ұлы ақынның тікелей қамқорлығын көрген талантты жастар шығармашылығын зерттеуде, оның ішінде Шәкәрімнің шығармашылық өнерін оқырманға танытуда белгілі ғалым Қайым Мұхаметханов көп іс тындырды. Аталған мәселе төңірегінде

дау-дамай өршіп тұрған жылдардың өзінде ол «Абай төңірегіндегі ақындар» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл еңбекте белгілі себептерге орай Шәкәрім шығармашылығына қатысты пікір болмағанымен ғалымның бұдан кейінгі жұмыстарында Шәкәрім мұрасы айрықша орын алды. Оның республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жарияланған ғылыми мақалалары Шәкәрімтану ғылымына қосылған елеулі үлес деп танылуға лайық. Ғалым оларда Шәкәрімнің шығармашылық өмірбаянын саралайды, оның дүниетанымындағы қайшылықтардың сырын ашуға, бұған дейін айтылып келген жаңсақ пікірлердің мәнін түсіндіруге ұмтылады. «Қазір әдебиетіміздің тарихында орны ойсырап тұрған, елге ежелден белгілі болған ақын, жазушыларымызды еске алғанда, ең алдымен Шәкәрімді атауымыз орынды деп білемін. Өйткені ол Абайдың нағыз мұрагерлерінің бірі, бірі болғанда — бірегейі», — дейді Қ. Мұхаметханов (50).

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген белгілі ғалым Ы. Дүйсенбаев Шәкәрім жайында қысқаша әдеби энциклопедияда мақала жариялады.

Шәкәрім шығармашылығын танытуда көп еңбек сіңірген ғалым — М. Мағауин. Ақынның «Жолсыз жаза» жинағына жазған мақаласында және сондай-ақ Шәкәрім есімі жаладан арылмай тұрған кездің өзінде Ленинградта өзінің құрастыруымен басылып шыққан «Поэты Казахстана» атты жинаққа жазған мақаласында ғалым оның ұлттық әдебиетіміздегі салмағын ғылыми тұрғыда саралап береді.

Белгілі философ ғалым К. Бейсембиевтің 1961 жылы жарық көрген «Идейно-политические течения в Казахстане конца XIX — начала XX века» атты еңбегінде Шәкәрімнің дүниетанымына, философиялық ой-тұжырымдарына қатысты арнайы тарау бар. Өкінішке орай, бұл зерттеуде ақынның шығармашылық мұрасына деген сыңаржақ, солақай көзқарас басым, бірыңғай қаралау ниеті үстем, объективті дәлелдер аз.

Қазақ әдебиетіндегі трагедия жанрын зерттеуге арналған «Трагедия табиғаты» атты еңбегінде белгілі ғалым Р. Нұрғалиев Шәкәрімнің «Еңлік — Кебек» дастанын оның әр кезеңде жазылған өзге нұсқаларымен салыстыра қарастырады. Ө. Күмісбаевтың «Казахские и персидско-арабские литературные связи» деген еңбегінде Шәкәрім жырлаған «Мәйлі — Мәжнүн» жайында сөз болады.

Біздің негізгі нысанамыз Шәкәрім шығармашылығына қатысты әр кезде айтылған осындай пікір, тұжырымдарды сарапқа сала отырып, оның поэзиясына тән сипаттарды, көркемдік ерекшеліктер мен идеялық, тақырыптық бағыттарды айқындау, соның негізінде ақынның шығармаларына ғылыми талдау жасау, Шәкәрімнің Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің тарихында алатын орнын айқындау болып табылады.

## ҰЛЫ ДӘСТҮР ҰЛАҒАТЫ

Шынайы сезім, шыңырау ойға толы Шәкәрім поэзиясының кәусар бұлағы, бастау алған қайнар көзі ұлы Абайдың құдіретті жыры, ол бастаған реалистік дәстүр болды. Ол заңды да. Өйткені, Шәкәрім Абайдың замандасы ғана емес, әрдайым жанында болып, тағлымын алған талантты ақын інісі, ұлы ойшылдың маңайында топтасқан талапты жастар шоғырының шоқтықты өкілі еді.

Шәкәрім өмір сүріп, еңбек еткен тарихи кезеңде қазақ әдебиетіне орыстың сыншыл реализмі Абай арқылы кеңінен еніп, жаңа бір құбылысқа айналып келе жатқан болатын. Соның нәтижесінде «Абай қазақтың жаңа, реалистік әдебиетін — мағынасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін — жасады» (34, 31). Халық поэзиясының тереңінен нәр тартқан Абай өз жырларына сол дәуірдегі қазақ тұрмысының, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың шындығын арқау етті, шынайы көркем де өткір шығармалар тудырды. «Өзінің сан қырлы шығармашылығы арқылы Абай қазақтың реалистік әдебиетінің қалыптасуындағы принципті жаңа дәуірді бейнелеп қана қойған жоқ, сонымен қатар әлемдік классика қазынасына да үлес қосты», — дейді белгілі ғалым З. Кедрин (33, 78).

Абай өздігінен ұлы ақын атанған жоқ. Оның ұлылығы өзінің нәр алған бастауларының құнарлылығында жатыр. ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақтың халықтық лирикасы ерекше гүлденген болатын. Ол қоғамның хал-ахуалы мен эстетикалық қуатын бейнелеуде күшті қару болды. Өзіндік жазба әдебиетінің төмен дәрежеде болуына қарамастан лирикалық поэзияның ықпалы ерекше көзге түсті. Халық өмірінің әрбір жағдайы сырлы да сұлу өлеңмен өрнектеліп отырды. Онда түрлі сезім, күйзелістер мен көңіл күйлерінің көрінісі іспетті халықтың прогресшіл ой-пікірі бейнесін тапты. Ол бұқараның қоғамдық санасының өсуіне ықпал етті, ақын-

дардың алдына заманның көкейтесті мәселелерін биікке көтере, жаңғырту міндетін қойды.

Абай поэзиясының бүкіл даму жолын да осы процес-тен бөле-жара қарауға болмайды. Халықтық поэзия дәстүрі — Абайдың нәр алған «үш үлкен түп-төркінінің» (18, 208) бірі болды. Ендігі жерде «Абайдың реалистік дәстүрі және орыстың классикалық әдебиетінің әсерімен қалыптасып дамыған қазақ әдебиеті халық өмірінің келелі мәселелерін көтеріп, сол мәселелерге қалың бұқараның назарын аударуға ұмтылды» (36, 22). Осы дәстүрлер негізінде Абай қазақ әдебиетінің жаңа қырын, тың тынысын ашты, жаңашылдық танытты. Бүтіндей бір әдеби құбылыстың бастауында тұрған Абайдың шығармашылығындағы осынау жаңашылдық сипаттар қазақ әдебиетінің зерттелуі барысында өз бағасын алды.

Әдебиеттегі жаңашылдық пен дәстүр ұғымдарының өзі өзара органикалық байланыстағы нәрселер. Екеуінің ара жігі белгілі бір тарихи кезеңнің барысында, нақты уақыт өлшемінде ғана айқын болады да, бірте-бірте өміршеңдік танытқан жаңалық нышаны өзінің көркемдік, идеялық қасиеттерін орнықтыра келе дәстүрге айналмақ. Яғни бір кезеңдегі жаңашылдық алдағы бір кезеңдер үшін ғибратты дәстүр саналады. Сол себепті де әдебиеттегі дәстүр мәселесі халықтың сан ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасы ретінде қабылданады. Ол сол әдебиеттің дәстүрлік деңгейін, өзге әдебиеттермен жақындастығы мен айырмашылығын, өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын өлшем тәрізді. Әдеби дәстүрдің байлығы туралы айтқанда біз сол әдебиеттің атқарып отырған ауыр жүгін, идеялық-көркемдік деңгейін, қамтып отырған тақырып аясын, тұтастай кемелдік дәрежесін ойда ұстаймыз. М. Әуезовтің тілімен айтқанда: «Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат көрік-күй мәселесі — бәрі де түгел кіреді. Бұл сөз ғылымдық жағынан анығырақ және көлемдірек ұғымды аңғартады» (18, 375).

Әлбетте өнер атаулының алға басуындағы прогресшіл бағыттың басты қасиеттері шығармашылық сапарындағы дәстүр мен жаңашылдық құбылыстарының өзара аста-суы болса керек. Дәстүр жалғастығы да, жаңашылдық нышандары да үздіксіз өзгеріс үстінде болғанмен, олар, түптеп келгенде, әдебиет пен өнердегі дамудың қайнар көзі екені анық. Сонымен қатар дәстүрлік байланыстар мен жаңашылдықтың бір-біріне тигізетін өзара ықпалы



өнердің тарихи үздіксіз алға жылжуын ғана емес, адамзат баласының көркем ой мәдениетінің өсу жолын да бейнелейтін эстетикалық қазынаның басты себепкері болмақ. Қай уақытта да көркем ой мейлінше жаңа қиырларға ұмтылады, беймәлім болып келген рухани, эстетикалық жауһарлардың сырын ашуға талпынады. Өнер әлеміндегі дәстүр жалғастығы өткен кезеңнің немесе белгілі бір жұрттың жинақтаған тәжірибесін үйренумен шектелмейді. Дәстүр желілері әр дәуірде өмір сүрген, бір-біріне мүлде ұқсамайтын бағыттағы өнер шеберлерінің арасында жалғастырып жатады. Сондықтан да олар уақыт пен кеңістік шеңберінде аса кең ауқымда көрінеді.

Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі дегенде біз осындай кең ауқымды, алып тынысты құбылысты еске аламыз. Бүгінге дейін ХІХ ғасырдың екінші жартысында Абай қалыптастырған реалистік әдебиет дәстүрінің жалғасу процесі, одан кейінгі даму сапары, бүгінгі тынысы жайында М. С. Сильченко, М. Әуезов, Е. Ысмайылов, Ы. Дүйсенбаев, А. Нұрқатов, З. Ахметов, М. Базарбаев, Қ. Мұхаметханов, М. Мырзахметов, М. Мағауин, Ә. Жиреншин сияқты ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді, қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрін әр қырынан зерттеп, ұлы ақынның өзінің алдындағы халықтық әдебиеттен, Шығыс және Еуропа мәдениеттерінен сусындай отырып, өмірге әкелген жаңалықтарын, Абай салған соқпақтың бүтіндей бір әдебиеттің көркемдік, идеялық негізіне айналуды процесін саралады. Бұл орайда Абай дәстүрін тиянақты зерттеген белгілі ғалым А. Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» атты монографиялық еңбегін айрықша атаған жөн.

Абай дәстүрі — қазақ әдебиетінің даму тарихында заңды жалғасын тауып, жан-жақты байып келе жатқан асыл арна. Оны жалғастырушылардың алдында заманының заңғар міндеттері бой көтерді. Абай шығармашылығын зерттеген ғалым М. С. Сильченконың сөзімен айтқанда: «Мәселенің тарихи нақтылығының артуы, реализмнің осынау мәнді қасиеті Абайдан кейінгі кезеңдегі ақын-жазушылардың Абай нұсқаған кейбір жайларды мейлінше өткір қоюға міндетті болуынан көрінді» (62, 287).

ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бергі дәуірді саралағанда біз ұлы ақынның салып кеткен айқын ізіне ілескен талантты шәкірттер шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. Тіпті қазақ әдебиетінің тарихынан өз орнын әлдеқашан алған қаламгерлердің қай-қайсысы да Абай

дәстүрінің ықпалын сезінді. Шын мәнінде «Абайдың әдеби ортасы — ақын өмір сүрген дәуірдің рухани тынысын білдіретін, өнер адамдарымен тікелей байланысын, творчестволық қарым-қатысын білдіретін кең мағынадағы күрделі ұғымдарды қамтиды» (51, 271).

Бұл жолы біз ұлы Абайдың ақындық дәстүрінің бүкіл даму жолын саралауды мақсат етпейміз. Абай дәстүрінің жалғастығы туралы мәселе өте ауқымды. Біздің міндетіміз сол бастаудан алғаш сусындаған қаламгерлердің, Абайдың көзі тірісінде тікелей тәрбиесінде болған талантты жастардың шығармашылығындағы жаңалық нышандарын, сыншыл реализм дәстүрінің дамуындағы алғашқы қадамды бағдарлау. Ал мұның өзі әдебиеттану ғылымындағы толық дәрежеде зерттелмей, әр кезеңде әр түрлі пікірталастардың тууына себеп болып келген мәселе екені даусыз. Кезінде, ұлы Абай шығармашылығының өзіне оң көзқарас орнықпай тұрған заманда оның айналасындағы ақын шәкірттері жөнінде әр қилы даулар болды. Мұнда да белгілі бір заңдылық бар секілді. Көрнекті қаламгерлер шығармашылығының немесе олардың жекелеген туындыларының түрлі тарихи дәуірде түрліше бағаға ие болу жағдайлары әлемдік әдебиет тәжірибесінде аз кездеспейді. Әйгілі Шекспирдің өзі осыны бастан кешті. Англияда классицизм үстем болып тұрған кезеңде оған көпшілік үрке қараса, романтикалық ағымның өкілдері өз кезінде оның шығармаларын шынайы өнер туындысы ретінде құшақ жая қабылдады. Мұндай мысалдар өзге әдебиеттер тарихында да жетерлік.

Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі төңірегіндегі пікірталастар барысында «Абайдың ақындық айналасы», «Абайдың шәкірттері», «Абайдың ақындық мектебі» деген сияқты ұғымдар қалыптасты. Түптеп келгенде, мұның бәрі де Абайдың ақындық дәстүріне келіп тірелер еді. Өйткені Абайдың айналасындағы және одан кейінгі ақын шәкірттері Абай қалыптастырған әдеби дәстүрден тыс бола алмайды. Осы ретте қазақ әдебиетінің тарихын көп зерттеген ғалым Ы. Дүйсенбаевтың мына бір пікірі ойға қонымды көрінеді: «Бір кезде Абай мектебі төңірегінде қызу айтыстар болғаны мәлім. Қазір біз «мектеп» дегеннің өзі шартты түрде ғана қолданылатын ұғым екенін ескертумен бірге Абай шәкірттерінің барлығына шек келтірмей, солардың еңбектерін тексеру, зерттеу арқылы абайтану ғылымының шеңберін кеңейте, мазмұнын байыта түсуіміз қажет секілді» (29, 139).

Абай дәстүрі төңірегіндегі пікірталастың ең бір даулы тұсы — ұлы ақыннан үйреніп, жолын қуған шәкірт ақындар аясын айқындау мәселесі болды. Әр түрлі зерттеушілер бұған әр кезеңде әр қилы жауап берді. Пікірталасының өзі осы негізде туды. Шын мәнінде Абайдан кейінгі реалистік әдебиет өкілдерінің бәрінің де Абайдан үйренгені, ол ашқан идеялық, көркемдік, мазмұндық және формалық жаңалықтарды өз шығармашылығында қолданғаны, шама-шарқынша дамытқаны ақиқат. Өйткені Абай өзінің айқын да өміршең бағытын «әдебиеттік еңбегімен қазақ халқының сезім-санасына, әсіресе, көркемдік сезімі бар ақын-әншілеріміздің сана-сезіміне өзгерместей-өшпестей етіп мықтап құйып кетті» (6, 36).

Бұл бағытты қабылдап алғандар тізімі ұлы ақынның тікелей маңында болып, үлгі-өнегесін үйренген шәкірт ақындардан бастап әдебиетіміздің бүгінгіне дейін жалғасып жатыр. Өткен ғасырдың соңғы ширегін былай қойғанда, ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің жаңа сипатта өркендеп дамыған кезіндегі С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Көбеев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев сияқты көрнекті ақындар шығармашылығының өзі осыған айқын дәлел бола алады. Бір сөзбен айтқанда, «ХХ ғасырдың бас кезіндегі ақындар және кеңес дәуіріндегі қазақ поэзиясының ұлы өкілдері — бәрі де Абай мектебінен сабақ алды, бәрі де сол ұядан ұшты» (31, 368).

Дәстүр жалғастығы тұрғысынан келсек, ХХ ғасырдың басындағы демократтық бағыттағы С. Торайғыров, С. Көбеев, С. Дөнентаев сияқты ақындардың «...негізгі әлеуметтік бағыты — ағартушылық, демократтық сарында болғанын, олардың тәуір шығармалары сол кезде де, күні бүгінге дейін халқымыздың талап-тілегіне жауап беріп, қызмет етіп отырғанын байқаймыз» (39, 38). Бұл бағыттың өзі Абай дәстүрімен тікелей сабақтас арна, ұлы ақынның поэзиясындағы ағартушылық, реалистік сипаттардың заңды жалғасы еді.

Көріп отырғанымыздай, Абай дәстүрін ұстанып, соны алға апарушы ақындар туралы мәселенің ауқымы аса кең. Олардың бәрін қамтып, бір еңбек көлемінде пікір айту мүмкін емес. Біздің бұл жолғы зерттеуімізде тек қана ақын дәстүрінің алғашқы жалғастырушыларының сөз болуы, оның ішінде аттары көп аталмай немесе мүлде ауызға алынбай келе жатқан ақын шәкірттер шығармаларының нысана болуы сондықтан.

Абайдың ақындық тәрбиесін көрген шәкірттер туралы

мәселе турасында отызыншы жылдардан бергі кезеңде әр түрлі сипатта болса да сөз болып келеді. М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Е. Ысмайыловтың, Ы. Дүйсенбаевтың, А. Нұрқатовтың, Қ. Мұхаметхановтың, Ә. Жиреншиннің әр кезде шыққан кітаптары мен мақалалары осының айғағы. Әсіресе, Қ. Мұхаметхановтың «Абай төңірегіндегі ақындар» атты диссертациясы осы бағыттағы қомақты талпыныс болды. Өкінішке орай, қазақ әдебиетіндегі сол кездегі қайшылықты пікірталастардың салдарынан шығармашылық қуаты айрықша Шәкәрім, Нарманбет сияқты ақын шәкірттер бұл еңбекке енбей қалды. Мұнда зерттеуші Ақылбай, Мағауия, Әсет, Әріп сияқты ақындар шығармашылығына арнайы тоқталып, сонымен қатар олардың айналасындағы бірқатар жас талапкерлердің есімдерін атайды. 1950 жылы шыққан «Абай шәкірттері» атты жинаққа аты аталған ақындармен қатар Кәкітай, Әубәкір, Көкбай, Мұқалар да енді. Е. Ысмайылов өзінің бір мақаласында: «Абайдың Ақылбай, Мағауия, Кәкітай, Әубәкір деген балалары, немере інілері, Нарманбет, Әбсалық, Көкбай, Әріп сияқты ірі ақындар Абайдың тура шәкірті болады», — дейді (69, 8). Абай шәкірттері туралы С. Мұқановтың зерттеулерінде де әр қилы пікірлер бар. Атап айтқанда, өзінің, «Әдебиет және искусство» журналының 1951 жылғы 7-ші санында жарияланған «Абайдың шәкірттері туралы» атты мақаласында: «Осылайша екшеп келгенде «Абайдың шәкірттері» аталған тізімдегі адамдардан шығармалары туралы пікір алысуға жарарлықтайы: Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп, Әсет, Мәшһүр — Жүсіп, Сұлтан-Махмуд және Сәбит Дөнентаев», — деп тұжырымдаса, енді бір тұсында: «Көкбай ақын жайында «Мұндай саяси беті теріс керітартпа ақынды Абайдың шәкірті еді деу мүлде орынсыз», — деп жоғарыдағы пікіріне қарсы шығады. Осы тұста айта кететін бір жайт — С. Мұқанов бұл мақаласында М. Әуезовтің Шәкәрімді, Нарманбетті Абай шәкірттерінің қатарына қосқанын құптамайды. Бұл да, сөз жоқ, сол кездегі солақай сын мен даурықпа идеологияның салқыны еді.

Шәкәрімнің Абайдан тәлім алған талантты шәкірт екендігін, ұлы ақын дәстүрінің тұңғыш жалғастырушыларының бірі болғандығын алғаш рет ғылыми негіздеп берген Мұхтар Әуезов болды. Ол өзінің 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында ұлы Абайдың маңына топтасқан талантты шәкірттер жа-

йында айта келіп: «Мұндай ақын төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия Абайдың өз балалары. Қалған екеуі Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері», — дейді (16, 20).

Әдебиеттанудағы мұндай пікір қақтығыстары, түрлі көзқарастар, түптеп келгенде, Абай қалыптастырған әдеби дәстүрдің құдіреттілігі мен өміршеңдігін танытты. Абай дәстүрінің алғашқы қуатын сезініп, соның нәрінен сусындауға ұмтылған тұңғыш талапкерлер ақынның жоғарыда аттары аталған шәкірттері еді. Олар ұстаз ақынның шығармаларын жаттап, көпшілікке тарата жүріп, сол өлеңдердің жалынын өз жүректеріне де құйды, ұстаздарының шын мәніндегі ұлылығын сезінді, сол себепті өздерінің әдебиет әлеміндегі әрбір жаңа қадамын Абайдың талқысына салып отырды. Оларды идеяластық, мақсат ортақтастығы біріктірді. Олардың шығармаларының тақырыптарында, идеяларында ортақ сипаттар болды. Мұның өзі қазақ әдебиетінде ұлағатты дәстүрдің туғанын, кейінгі ақындарға үлгі боларлық Абай тәрізді алыптың дүниеге келгенін аңғартқан құбылыс еді. Осы орайда белгілі ғалым З. Кедринаның «Кезінде қазақ әдебиетін зерттеуші ғалымдар ойлап тапқан «Абай мектебі» теориясы бүгінде қате деп танылуда. Шынында да, Абай маңына топтасқан жандар арасында ақындық мектептің болғанын дәлелдерліктей идеялық-эстетикалық тұтастық болған емес. Сонымен қатар, «мектеп» ұғымының өзі үлкен ақынның идеялық-көркемдік ықпалын оны қоршаған шағын топтың шеңберімен тұсап, оның ақындық ықпалы жөніндегі мәселені бұрмалайды және классик шығармашылығының бүкіл әдебиеттің дамуындағы мәнін төмендетеді, өздерінің ұлы ұстазының тәсілдерін құп алып қайталай беретін жандарды оның ізбасарлары мен жалғастырушылары деп түсіндіреді», — деген пікірімен (33, 80) келісу қиын. Себебі Абайдың маңында идеялық-эстетикалық тұтастық болмады деудің қисыны жоқ.

Рас, Абайдың тұсында өмір сүріп, өзін шәкірт санаған талапкерлердің бәрі бірдей жоғары деңгейдегі көркемдік ой-түсінікте, көзқараста болды деу қиын. Әйтсе де Абайдың талантынан бастау алатын құнарлы идеялық-эстетикалық қайнар көздің болғанын ешқашан жоққа шығаруға болмайды. «Егер әрбір ірі суреткер мазмұн мен формада тыңнан жол ашса, және ол ашқаны іске татырлық болса, ондай суреткер әрқашанда басқаларды соңынан ертіп әкете алады», — деген әйгілі Р. Ролланның

сөздерін (61, 14) еске алсақ, сондай-ақ Абай тек мазмұн мен формаға жаңалық енгізумен шектелмей, әдебиеттегі бүтіндей бір дәстүрлі бағыттың басында тұрғанын ескерсек, бұл сөзімізге дәлел іздеп жатудың өзі артық. Осындай ішкі тұтастықтың болуы нәтижесінде Абайдың сыншыл реалистік дәстүрін Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Көкбай, Әсет, Әріптер бір-бірінен ажырағысыз бірлікте алға қарай іліп әкетті. Бұған олардың жаңа дәстүр үлгісіндегі, өз дәуірінің саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени жағдайын тап басқан шығармалары айқын дәлел. Сонымен қатар олар ұлы ақынға құрғақ еліктеуден мүлде аулақ болды. Ақынның шәкірттері ұстаздарының ізін қайталамай, жаңаша соқпақ табуға тырысты. Абай айтпаған сөзді айтуға, Абай ұсынып үлгірмеген ойды алға тартуға құштар болды. Өз өлеңдерінде ұлы ұстаздарына деген ілтипаттарын әрдайым сездіріп отырды. Мәселен, Көкбай Жанатайұлы өзінің «Абайға» деп аталатын өлеңінде:

Жанатта жаның болғыр Абай құтып,  
Қасыңда бос жүріпшіпін шатып-бұтып,—

деп Абай қазынасының молдығын, құнарлы нәрін айрықша қастерлеп, сол бұлақтан молырақ сусындауға деген ыстық құштарлығын білдірсе, Абай дәстүрін жалғастырушы талантты шәкірттердің бірі Әріп Тәңірбергенов:

Бәрінен Абай сөзі артығырақ,  
Сыры көп, сырты сұлу, тым бағалы, —

дейді. Кезінде Абайдың қатты сынына ұшыраған Әріп бастапқыда ұстазына қырындау қарағанымен түптің түбінде оның шын бағасын сезініп, осылайша өлең жазды. Бұл да Абай бастаған ақындар легінің табиғатына тән қасиет, ұлы ақын дәстүрінің шығармашылық қуаткүші.

Сонымен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Абай ауылы бүкіл қазақ жұртының аса бай өнері мен поэзиясының, дәстүрлерінің жарқырай көрініп, жаңаша танылуына жол ашқан рухани жайлау, мәдени орталық болды. Абайдың маңында талантты ақындармен қатар күміс көмей әншілер, күйшілер мен композиторлар топтасты. Ұлы ұстаздың ақын шәкірттерінің ішіндегі көрнектілері Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Әсеттер болды.

Абай дәстүрінің қасиетін бойына мол дарытқан, шы-

ғармалары күні бүгінге дейін жеткілікті дәрежеде зерттелмей келе жатқан шәкірт ақындардың бірі — Көкбай Жанатайұлы. Ол Абаймен ширек ғасырдай қатар өмір сүріп, шығармашылық байланыста болды. Тіпті, кезінде Абай өзінің алғашқы өлеңдерін баспасөз беттерінде Көкбайдың атынан жариялағаны мәлім. Сондай-ақ ұлы ақынның «Сорлы Көкбай жылайды», «Бұралып тұрып», «Қиыстырып мақтайсыз» атты өлеңдерінің Көкбайға арналуы да осы жақындықты дәлелдей түседі. Көкбайдың өзі де Абайға арнап өлең жазып отырған. «Абайға» деген өлеңінде ол «Жаннатта жаның болғыр Абай құтып», — десе, замандасы Әріппен сөз қағыстыра айтқан бір өлеңінде Абайды Аплатонға теңейді. Бұдан кейінгі өмірінде де Көкбай ұлы ұстазының есімін әрдайым есіне алып, нысана тұтып отырған. Кезінде М. Әуезов қазақ әдебиетінің тарихындағы Абайдың орнын айқындау, өмірбаянын тиянақтау ісіндегі Көкбайдың еңбегін ерекше бағалаған (17, 96).

Көкбай Жанатайұлының шығармалары бүгінгі ұрпаққа негізінен қолжазба күйінде жетті. Әр жылдары жарық көрген «Бес ғасыр жырлайды», «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» атты жинақтарда оның 13—14 өлеңі ғана жарияланды. Осы шығармаларының өзінен Көкбай ақындығының табиғаты, тақырыптық, идеялық желісі мен көркемдік кестелері, оның Абай поэзиясымен сабақтастығы белгі беріп жатады.

Әсіресе, Көкбай өлеңдерінің тақырыптық шеңберінің Абай лирикаларымен үндес екенін атап айтқан жөн. Абай тәрізді ол да өз маңайындағы бай мен манаптың, ұлық пен әкімнің мінез-құлқын шенеді. Тіпті, Абайдың сынына ұшыраған Дүтпай болыстың бейнесін Көкбайдың да сомдауын тақырып қайталау емес, заман шындығын, өмірлік ақиқатты барынша аша түсуге деген талпыныс, ұмтылыс деу қажет.

Дозаққа біреу кетсе Дүтім кетер,  
Дүтім кетсе, Көкшенің көбі кетер.  
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,  
Артынан тоғыз биді күпілдетер, —

дейді ол «Дүтбайға» атты өлеңінде.

Бұл арада жалғыз Дүтпай болыс бейнеленіп отырған жоқ, болыстың айналасындағы күпінген тоғышар тіршілік суреттелген. Нақты көрініс, нанымды эпизод бар. Мұндай сыншылдық сипат Көкбай өлеңдерінің көпшілігі-

не тән. Атап айтқанда, «Семей саудагерлеріне», «Ағыбайға», «Салдарға», «Сараң байға», «Мұсажанға» тәрізді өлеңдерінде ол жеке адамдардың, бүкіл қауымның басындағы келеңсіз жайларды әшкерелеп, сын садағына алады. Сол арқылы өз кезінің типтік мінез-құлқын, психологиясын бейнелейді. Жырларына әлеуметтік астар бере сөйлейді. «Семей саудагерлеріне» деген өлеңінде ақын:

Семейдің саудагері қызыл танау,  
Жегені тамағына ет пен палау, —

деп, нақты бір ғана адам емес, бүкіл саудагерлердің образды бейнесін сомдайды. Көкбайдың суреттеуіндегі шетінен арам, пайданың соңында бала-шағасын да ұмытып, кердеңдеп жүрген боскеуде жандар. Ақын мұны ащы мысқылмен, өткір юмормен баяндайды.

Ел ішінің берекесі, ағайынның бірлігі туралы мәселеге де Көкбай қайрылмай өтпейді.

Байғұс-ау, Мұсабаймен тұрқың бірдей,  
Олар жұлдыз болғанда, біз үркердей.  
Аспанда алты жұлдыз бас қосып тұр,  
Жүрсенші біреуіңді бірің ілмей, —

дейді ол «Көкшеге» атты өлеңінде. Бірін жеке жұлдызға, енді бірін үркерге теңеу арқылы өлеңінің көркемдік бояуын асыра түскен ақын осындай образды теңеудің көмегімен бірлік пен татулық идеясын уағыздайды. Бұл жерде де Абай поэзиясының алтын қазығының ізі аңғарылады.

Көптеген өлеңдерінде Көкбай бай мен сараңды, уақытын құр қызықпен өткізіп жүрген сал-серілерді, өсек десе құлағы түрік жылпыңдарды өткір сынға алады. Алайда қоғамның кемшіліктерін әшкерелей отырып, Көкбай одан құтылудың нақты жолын көрсетіп бере алмайды. Қоғамның таптық сипаты да оған жете таныс болмады. Оның өлеңдерінде бай мен ояздың, ұлықтардың типтік бейнесінің болмауы да сондықтан. Ақын олардың бойындағы жеке кемшіліктерді сынаумен шектеледі.

Көкбай — революциядан кейінгі жылдарда да бірқатар шығармалар жазған ақын. Ол ел адамдарының бойындағы кемшіліктерді сынай отырып, оларға Кеңес өкіметінің жаңа заңдарының жақсы ықпал жасағанына, көп кеселдің тамырына балта шапқанына қуанады. Бұл кездегі Көкбай өлеңдерінің тақырыптық диапазоны да кеңейе түскен. «Ауылдың советтену дәуірінде ең ал-